

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС

бас директоры Е.Б. Таңқыбаевтың

бұйрығымен (2025.18.02. №65

бұйрық) бекітілген



«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС

**Тендер тәсілімен «Пайдаланылған трансформаторлық май»
активін сату бойынша тендерлік құжаттама**

Атырау 2025

«Пайдаланылған трансформаторлық май» активін сату бойынша

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА
(әрі қарай — Тендерлік құжаттама)

Осы тендерлік құжаттама «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС (әрі қарай — Серіктестік) Байқаушы кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 25 мамырдағы №4/2018 отырыс хаттамасы) бекітілген «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС активтерін сату қағидаларына сәйкес әзірленді.

Тендер тәсілімен өткізілетін сату нысаны болып табылатын «Пайдаланылған трансформаторлық май» активі (бұдан әрі — Тауар) үшін белгіленген сомалар:

Лот №	Атауы	Өлш. бірл.	Саны	1 кг сатып алу бағасы/ тенге, ҚҚС есебімен (12%)	Жалпы сомасы/ тенге, ҚҚС есебімен (12%)	Тауардың әкету мерзімі	Төлем талаптары және мерзімдері
«Қиғаш» БССС өндірістік объектісінде тұрған «Пайдаланылған трансформаторлық май» активін өткізу							
1	Пайдаланылған трансформаторлық май	кг	44 450	78	3 467 100	Төлем аударылған кезден басталатын 30 күнтізбелік күні аралығында	Шартқа қол қойылған күннен басталатын 10 жұмыс күні аралығында 100% алдын ала төлем
	Жиыны				3 467 100		

Атауы және орналасқан жері: «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС, 0600002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, БСН 171240027113, ЖСК KZ626010141000042043, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX, КБЕ 17.

Электрондық веб-сайт: <https://mwl.kz/>.

Сатылатын «Пайдаланылған трансформаторлық май» активінің сипаттамасы техникалық спецификацияда көрсетілген (Тендерлік құжаттамаға 1-қосымша).

1. Тендерге қатысуға мынадай біліктілік талаптарына сай келетін жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Сауда-саттыққа қатысушы) рұқсат беріледі:

1) сатып алу-сату шартын жасау үшін азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болуға;

2) төлемге қабілетті болып табылу, ал заңды тұлғаның тарату кезеңінде болмауы, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатылмауға тиіс;

3) тендерлік құжаттаманың 4-тармағының 4.3-тармақшада белгіленген басқа да талаптар.

1.1. Мыналар тендерге қатысушы бола алмайды:

1) осыдан бұрынғы тендерлердің (Серіктестік бұрын өткізген) жеңімпазы бола отырып, сатып алу-сату шартын жасау және/немесе орындау бойынша тиісті міндеттемелерін орындамаған;

2) Серіктестіктің уәкілетті органының, тендерлік комиссияның мүшелері, тендерді ұйымдастырушылар, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы, аға-інілері, әпкелері (қарындастары, сіңлілері), балалары) немесе жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, әпкелері (қарындастары, сіңлілері), ата-аналары, балалары).

2. Тендерлік ұсынысты ұсынуға қойылатын талаптар.

2.1. Тендерлік ұсынысты **Тендерлік құжаттамаға 2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша Сауда-саттыққа қатысушы ұсынады.

2.2. Осы тендер негізінде өткізілетін Тауарды сатып алуға ниет білдірген қатысушылар уәкілетті тұлғаның қолы қойылған өздерінің тендерлік ұсыныстарын, кепілдік жарнаны енгізу туралы төлем құжатын қосып, жазбаша нысанда тендер комиссиясы төрағасының атына ұсынуға тиіс.

2.3. Тендерлік ұсынысты Сауда-саттыққа қатысушы **Тендерлік құжаттаманың 4.1-тармағында көрсетілген (сатып алу бағасы ҚҚС есебімен теңгемен көрсетілуі тиіс)** Сауда-саттыққа қатысушының қолымен және мөрімен расталған тендерлік ұсыныстарды ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін мөр басылып жабылған конвертте ұсынады.

2.4. Тендерге қатысуға арналған тендерлік ұсыныс салынған жабық конверттің бет жағында Сауда-саттыққа қатысушы мыналарды көрсетуге тиіс: Сауда-саттыққа қатысушының толық атауы мен пошталық мекенжайын; Серіктестіктің толық атауы мен пошталық мекенжайын, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтінді: «Пайдаланылған трансформатор майы» активтің өткізу тендері».

2.5. Тендерлік ұсынысы бар конвертті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік ұсынысы бар конвертті беруге жол берілмейді.

2.6. Белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген тендерлік ұсыныс салынған конверт ашылмайды және Сауда-саттыққа қатысушыға қайтарылады.

2.7. Сауда-саттыққа қатысушы бір ғана тендерлік ұсыныс береді.

2.8. Тендерлік ұсыныс Сауда-саттыққа қатысушының оның жеңімпаз деп жариялағаны жағдайда, ақпараттық хабарламада (хабарландыруда) белгіленген талаптарда Тауарды сатып алу-сату шартын жасауға жазбаша міндеттемесін қамтуға тиіс.

3. Кепілдік жарнаны енгізу шарттары.

3.1. Кепілдік жарнаны Сауда-саттыққа қатысушы Серіктестіктің тиісті банктік деректемелеріне ақша аудару жолымен Серіктестіктің бастапқы (алғашқы) бағасының 5 (бес) проценті мөлшерінде енгізеді. Кепілдік жарнаны берудің соңғы мерзімі 2025.04.03 сағат 10.00 дейін.

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС банктік деректемелері: 0600002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, БСН 171240027113, ЖСК KZ626010141000042043, «Қазақстан Халық банкі» АО, БСК HSBKKZKX, КБЕ 17.

3.2. Кепілдік жарна келесі жағдайларда қайтарылмайды:

1) Егер тендер жеңімпазы тауарды сату туралы сатып алу-сату шартын жасаудан бас тартса;

2) өзінің тендерлік ұсынысынан бас тартқан (өтінімді кері қайтарып алған) немесе оны тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткеннен кейінгі кезеңде және тендер мерзімі өткенге дейін өзгерткен сауда-саттыққа қатысушыға.

Сауда-саттыққа қатысушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы сатып алушының Серіктестікпен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

Барлық басқа жағдайларда кепілдік жарна тендер қорытындысы шығарылған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде қайтарылады.

3.3. Кепілдік жарнаны енгізу расталмаған барлық тендерлік ұсыныстарды тендерлік комиссия Тендерлік құжаттаманың талаптарына сай келмейтін ретінде қабылдамайды. Кепілдік жарна Серіктестіктің банктік шотына енгізілген жағдайда растайтын құжатта тендердің (лоттың) атауы, жарна сомасы, Серіктестіктің және Сауда-саттыққа қатысушының атауы көрсетілуге тиіс.

4. Тендерлік ұсыныстардың мазмұны.

4.1. Тендерлік ұсыныс Сауда-саттыққа қатысушының тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес Тауарды сатып алуды жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

4.2. Сауда-саттыққа қатысушының тендерлік баға ұсынысы ҚҚС есебімен теңгемен көрсетілуге тиіс, онда бірлігіне ҚҚС есебімен бағаны қамтуға, сондай-ақ сатып алынатын Тауардың ҚҚС есебімен жалпы бағасы, оның ішінде тиеуге, түсіруге, тасымалдауға, Сауда-саттыққа қатысушы төлеуді жүргізетін Тауардың өткізу шарттарында қарастырылған алымдар шығындары қамтылуға тиіс. Бұл ретте тендерлік баға ұсынысы бастапқы бағадан төмен болмауы тиіс.

4.3. Тендерлік ұсыныста мыналар қамтылуға тиіс:

1) тендерлік құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысы (бағасы ҚҚС есебімен теңгемен көрсетілуі тиіс). Баға ұсынысында Сауда-саттыққа қатысушының деректемелерін (занды және нақты мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы) көрсету міндетті.

2) кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

3) құрылтай құжаттары, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган беретін жеке тұлғаны тіркеу туралы анықтаманың тендерлік және баға ұсыныстарын берудің түпкілікті мерзімі өткен күнге дейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей берілген түпнұсқасы.

4) Шарт жобасының 6.3, 6.8-тармақтарына сәйкес сатып алу, оны одан әрі пайдалану мақсаттарын, сатып алынатын тауардың айналысына байланысты қорытынды есепті ұсыну мерзімдері міндетті түрде көрсетілген хат (кепілдік міндеттеме).

5) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V Заңына сәйкес «Қауіпті қалдықтарды қайта

өндеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою» кіші түрімен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияның көшірмесі немесе ҚР СТ 3129-2018 ұлттық стандартына сәйкес қауіпті жүкті жинау пункттеріне немесе дайындау және/немесе қайта өндеу (регенерациялау) үшін мамандандырылған кәсіпорындарға тасымалдау, жеткізу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорынмен шарт.

6) Эмиссияға, оның ішінде өндіріс немесе тұтыну қалдықтарын жобалау құжаттарында көзделген аумақта орналастыруға (орналастыру қажет болған жағдайда) арналған рұқсаттың көшірмесі.

7) Сауда-саттыққа қатысушының жарғысына сәйкес Сауда-саттыққа қатысушының атынан сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар Сауда-саттыққа қатысушының бірінші басшысын қоспағанда, Сауда-саттыққа қатысушының атынан тендерге қатысу, құжаттарға қол қою құқығына уәкілетті өкілдің сенімхаты, уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариатпен куәландырған көшірмесі.

5. Тендерлік ұсыныстары салынған конверттерді ашу орны, күні және уақыты.

5.1. Тендерлік ұсыныстар салынған конверттер мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, каб.211, 2025 жылғы 04 наурыз сағат 10.00-ге дейінгі мерзімде.

5.2. Әлеуетті қатысушылардың тендерлік ұсыныстары салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы 2025 жылғы 04 наурызда, 11.00 сағатта Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, 3-қабат, конференц-зал мекенжайы бойынша өткізілетін болады.

6. Тендерлік ұсыныстар салынған конверттерді ашу рәсімінің сипаттамасы.

6.1. Тендерлік комиссия тендерді өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және мекенжайы бойынша тендерлік ұсыныстар салынған конверттерді ашады, бұл туралы тендерлік комиссия мүшелері қол қоятын ашу хаттамасы жасалады. Ашу кезінде тендерлік ұсыныстарды ұсынған және тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен тіркелген қатысушылар (не олардың белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхаты бар уәкілетті өкілдері) қатыса алады. Тендерлік ұсыныстар салынған әрбір конвертті ашқан кезде хатшы конверттегі құжаттар мен материалдардың тізбесі туралы ақпаратты жариялайды.

Тендерлік ұсыныстарды егжей-тегжей бағалау жүргізілгенге дейін тендерлік комиссия ондағы мәліметтерді олардың толықтығы, дәлдігі және дұрыстығы тұрғысынан тексереді.

6.2. Тендерлік комиссия отырысы басталғанға дейін тендерлік комиссия хатшысы тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде Сауда-саттыққа қатысушылар өкілдерінің Сауда-саттыққа қатысушылардың мүдделерін білдіруге құжаттамалық ресімделген

өкілеттіктерін тексереді. Сауда-саттыққа қатысушыларды (олардың уәкілетті өкілдерін) Сауда-саттыққа қатысушылардың тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысу үшін Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу журналында тіркеуді тендерлік комиссияның хатшысы Руслан Ержанович Давлетов 2025 жылғы «04» наурызда сағат 10.00-ден сағат 10.30-ге дейін Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, каб. 211 мекенжайы бойынша жүргізеді, тел. 8 (7122)762-999 / ішкі 943. электрондық мекенжайы (davletov.r@mw.kz). Қосымша ақпарат пен анықтамаларды мына телефон бойынша алуға болады: 8 (7122) 762-999/ішкі 943.

6.3. Тауарды тендер тәсілімен өткізуді жүзеге асыру туралы хабарландыруда және тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімдерде ұсынылған тендерлік ұсыныстар салынған конверттер ашылуға жатады.

6.4. Тендерлік ұсыныс тендерге (лотқа) тек 1 (бір) тендерлік ұсыныс ұсынылған жағдайда да ашылады.

6.5. Тендерлік комиссияның конверттерді ашу бойынша отырысы мынадай реттікпен өтеді:

1) тендерлік комиссияның хатшысы немесе төраға белгілеген адам қатысушыларды мыналар туралы хабардар етеді:

- тендер комиссиясының құрамы, тендер комиссиясының хатшысы;
- әлеуетті қатысушылардың сауалдарының бар-жоғы;
- тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің, сондай-ақ себептерінің болуы немесе болмауы;
- Белгіленген мерзімде тіркеу журналында тіркелген тендерлік ұсыныстарды ұсынған Сауда-саттыққа қатысушылар;
- өтіп жатқан тендер бойынша өзге де ақпарат.

2) тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашады және тендерлік ұсыныста қамтылған құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын, сондай-ақ тендерлік ұсыныстарда Сауда-саттыққа қатысушылар мәлімдеген бағаларды жария етеді.

7. Тендерлік ұсыныстарды қарау, бағалау және салыстыру.

7.1. Тендерлік ұсыныстарды тендерлік комиссия олардың тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тендерлік құжаттамада көрсетілген негіздер бойынша қабылданбаған тендерлік ұсыныстарды тендерлік комиссия Тауарды сатып алудың ең жақсы шарттарын ұсынған тендердің жеңімпазын таңдау мақсатында салыстырады және бағалайды.

7.2. Тендерлік ұсыныстарды тендерлік комиссия тендерлік ұсыныстар салынған конверттер ашылған күннен басталатын күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде қарайды.

7.3. Тендерлік ұсыныстарды қарау кезінде тендерлік комиссия құқылы:

- тендерлік ұсынысты ұсынған қатысушыдан оларды қарауды жеңілдету үшін олардың тендерлік ұсыныстарына байланысты түсіндіруді сұрату; бұл ретте тендерлік ұсынысты тендерлік құжаттамаға сәйкес келтіру үшін, оның ішінде бағаның өзгеруіне ешқандай сауалға жол берілмейді;

7.4. Тендерлік комиссия мына жағдайларда тендерлік ұсыныстан бас

тартады:

- тендерлік ұсыныстың тендерлік құжаттаманың 1-тармағында белгіленген тендерлік құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
- Сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнасын енгізбеген;
- қатысушының тендерлік ұсынысы тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейді.

7.5. Қабылдаудан бас тартылмаған тендерлік ұсыныстарды тендерлік комиссия салыстырады және бағалайды. Тендердің жеңімпазы ең жоғары баға негізінде және баға факторынан басқа өзге критерийлер есепке алынып белгіленеді.

7.6. Егер тендерде екі және одан да көп қатысушылардың ұсыныстары бірдей бағаны көрсетсе және тендердің қалған шарттарын қанағаттандырса, онда жеңімпазды анықтау үшін олардың арасында тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен ағылшын әдісін қолдана отырып аукцион өткізіледі.

7.7. Тендердің қорытындылары тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашқан кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде шығарылады және хаттамамен ресімделеді. Тендер қорытындылары туралы хаттамаға тендер комиссиясының құрамы және оның хатшысы қол қояды және әр параққа бұрыштама қояды.

7.8. Тендер қорытындылары туралы хаттамада келесідей ақпарат болуға тиіс:

- қорытындылау орны мен уақыты туралы;
- Тауарды өткізу үшін белгіленген ҚҚС есебімен сома туралы;
- жеңімпаздан, басқа тендерге қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім;
- Тауардың атауы;
- қатысушылар және олар ұсынған бағалар туралы мәліметтер;
- Тауардың алғашқы ұсынылған (бастапқы) бағасы және сату бағасы ҚҚС есебімен;
- қабылданбаған тендерлік ұсыныстар, оларды кері қайтару негіздері туралы;
- тендерлік ұсыныстары тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес деп танылған қатысушылар туралы;
- тендер қорытындысы туралы;
- жеңімпаз туралы ақпарат;
- егер тендер өткізілген жағдайда Тауардың сату туралы сатып алу-сату шартын жасау сомасы мен мерзімдері туралы;
- екінші орын алған қатысушы туралы;
- тендерлік комиссияның қалауы бойынша өзге де ақпарат.

7.9. Тендер комиссиясы мынадай жағдайларда тендерді өткізілмеген деп таниды:

- Сауда - саттыққа қатысушылардың екіден аз баға ұсыныстарын ұсынуы;
- егер тендерлік комиссия Тендерлік құжаттаманың 7.4-тармағымен қарастырылған негіздер бойынша ұсыныстан бас тартқаннан кейін екіден аз тендерлік ұсыныс қалған болса;
- жеңімпаздың және екінші орын алған Сауда-саттыққа қатысушының

тауарды сату туралы сатып алу-сату шартын жасаудан жалтаруы.

7.10. Егер тендер тәсілімен өткізу өтпеді деп танылса, Серіктестік мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- қайта тендер өткізу;
- Тауарды сатудың басқа әдісін қолдану.

7.11. Тендер өтпеді деп танылған жағдайда, Комиссия хатшысы бұл туралы тендерге қатысуға тендерлік ұсыныстар берген барлық Сауда-саттыққа қатысушыларда, тендер өтпеді деп тану үшін негіздемені көрсете отырып, жазбаша хабардар етеді. Серіктестік тендер қорытындылары шығарылған күннен басталатын 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға Тауардың сату туралы хабарлама және сатып алу-сату шартының жобасын жібереді.

7.12. Тендер қорытындысы бойынша Тауарды өткізу туралы сатып алу-сату шартын жасау тәртібі: Тауардың өткізу туралы сатып алу-сату шарты тендерлік құжаттамада қамтылған Тауарларын өткізу туралы сатып алу-сату шартының жобасына (**тендерлік құжаттамаға 3-қосымша**) сәйкес жасалады.

7.13. Тауардың сату туралы сатып алу-сату шартының бағасы, тендер жеңімпазы ұсынған ҚҚС есебімен бағаны қамтуға тиіс.

7.14. Тендер тәсілімен Тауардың өткізу туралы сатып алу-сату шарттары өткізу қорытындылары туралы хаттамада көрсетілген, бірақ қорытындылар туралы хаттамаға қол қойылған күннен басталатын күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жасалады.

7.15. Сауда-саттыққа қатысушы Тауардың өткізу туралы сатып алу-сату шартын алған күннен басталатын күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Серіктестікке Тауардың өткізу туралы қол қойылған сатып алу-сату шартын беруге міндетті.

7.16. Тауардың өткізу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады, онда шарттың мәні, Тараптардың құқықтары мен міндеттері, Тауардың құны, төлеу мерзімдері мен есеп айырысу тәртібі, Тауарды әкету мерзімдері мен тәртібі, тараптардың тауардың сатып алу-сату туралы шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайындағы жауапкершілігі көрсетіледі.

7.17. Егер Сауда-саттыққа қатысушы тендер қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімде Серіктестікке Тауарды өткізу туралы қол қойылған сатып алу-сату шартын ұсынбаған жағдайда, онда мұндай Сауда-саттыққа қатысушы Тауарды сату туралы сатып алу-сату шартын жасаудан жалтарған деп танылады.

7.18. Сауда-саттыққа қатысушы өткізу туралы шарт жасаудан жалтарған деп танылған жағдайда, Серіктестік өзі енгізген кепілдік жарнаны ұстап қалады.

7.19. Сауда-саттыққа қатысушы сату туралы шарт жасаудан жалтарған не Сауда-саттыққа қатысушы шарттық міндеттемелерді орындамаған жағдайда тендерлік комиссия салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған Сауда-саттыққа қатысушыны тендер жеңімпазы деп белгілейді. Бұл шешім тендердің жеңімпазы екінші орын алған Сауда-саттыққа қатысушыны анықтау туралы хаттамамен ресімделеді. Хаттамада Тауардың сату туралы сатып алу-сату шартын жасау сомасы, мерзімдері қамтылуға тиіс.

7.20. Тауардың өткізу туралы жасалған сатып алу-сату шартына

Тауардын сату туралы сатып алу-сату шартының сомасын өсіру және шартта орындау мерзімдерін тиісті түрде өзгерту бойынша өзгерістер енгізуге өндірістік қызметте пайдаланылмайтын өндіріс қалдықтарының (Пайдаланылған трансформатор майының) көбеюі және қойма шаруашылығында жиналып орын алуын болдырмау үшін Тауардын өткізу қажеттілігіне байланысты жол беріледі.

7.21. Жобаға немесе Тауардын сату туралы жасалған сатып алу-сату шартына Сауда-саттыққа қатысушыны (сатып алушыны) тандау үшін негіз болған, өткізілетін (өткізілген) сауда-саттық шарттарының және/немесе ұсыныстардың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға қосымша:

- 1) №1 қосымша «Техникалық спецификация»;
- 2) №2 қосымша «Сауда-саттыққа қатысушының баға ұсынысының нысаны»;
- 3) №3 қосымша «Сатып алу-сату туралы шарттың нысаны».

2025.18.02. №65 бұйрық

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС
«Пайдаланылған трансформатор майы»
активін сату бойынша тендерлік
құжаттамаға №1 қосымша



«Қиғаш» БССС өндірістік объектісінде орналасқан «Пайдаланылған трансформаторлық май» сатылатын
активтің техникалық ерікшелік

№	Атауы	Саны, кг	Алғашқы (стартты) бағасы ҚҚС есебімен (12%), тенге/кг	Жалпы сомасы ҚҚС есебімен (12%)	Құнының 5% кепілдік жарнасы, тенге	Нарықтық құнын бағалау туралы есеп
1	Пайдаланылған трансформаторлық май	44 450	78	3 467 100	173 355	«Tengri Consult» ЖШС орындаған 2024.05.12 №664/2024 жылжымалы мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есеп
	Жиыны			3 467 100	173 355	

2025.18.02. №65 бұйрық

«Сауда-саттыққа қатысушының баға

ұсынысының нысаны»

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС

«Пайдаланылған трансформатор майы»

активін сату бойынша тендерлік

құжаттамаға №2 қосымша



БАҒА ҰСЫНЫСЫ

(Сауда-саттыққа әлеуетті қатысушының атауы)

ЖШС/АҚ/ЖК (әлеуетті сатып алушының толық атауы, заңды және нақты мекенжайы, есеп шоты, қатынасу телефондары, электрондық пошта адресі және т.б. көрсетіледі) актив бойынша сатып алуға баға ұсынысын береді:

Лот №	Атауы	Өлш. Бірл.	Саны	1 кг сатып алу бағасы/ тенге, ҚҚС есебімен	Сатып алу сомасы/ тенге, ҚҚС есебімен	Сатып алу сатып алу талаптары	Пайдаланылған трансформатор майдың әкету мерзімі	Төлем талаптары және мерзімдері
«Қиғаш» БССС өндірістік объектісінде орналасқан «Пайдаланылған трансформаторлық май» сатылатын актив								
1	Пайдаланылған трансформатор майы	кг	44 450				Төлем аударылған кезден басталатын 30 күнтізбелік күні аралығында	Шартқа қол қойылған күннен басталатын 10 жұмыс күні аралығында 100% алдын ала төлем
	ЖИЫНЫ							

Біз тендерлік құжаттамада ескертілген сіздің төлем талаптарыңызбен келісеміз.

Келесі баламалы төлем талаптарын ұсынамыз:

(баламалы төлем талаптары бар болса, олар тізіп жазылады)

немесе басқа талаптар бар болса (тізіп жазылсын)

бұл орайда мынадай мөлшерде ҚҚС есебімен баға үстелімін береміз:

(ақшалай, әріптермен жазылып көрсетілсін)

(бірінші басшының лауазымы, тегі) М.О.

(Қойылған қол)

2025.18.02. №65 бұйрық

«Сатып алу-сату шартының нысаны»

«Пайдаланылған трансформаторлық май»

активін сату бойынша тендерлік

құжаттамаға №3 қосымша



№ _____ **САТЫП АЛУ-САТУ ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК ШАРТЫ**

2025 жылғы _____

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын «Магистральдық Суағызғысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай – Серіктестік) атынан жарғы негізінде іс-қимыл жасайтын бас директоры Еркін Бағитжанович Танкибаев бір тараптан және бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын (*Сатып алушының атауы*) атынан _____ негізінде іс-қимыл жасайтын (*басшының лауазымы және ТАӨ*), әрі қарай бірге «Тараптар» деп аталып, 2025 жылғы _____ № _____ қорытындылар хаттамасының негізінде төмендегілер туралы осы «Пайдаланылған трансформаторлық май» активін (әрі қарай – Тауар) өткізу туралы шартын (әрі қарай – Шарт) жасады.

1. Терминдерді түсіндіру:

1.1. Шартта төмендегі аталған ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

«Сатушы» – «Магистральдық Суағызғысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы №3211-1915-01-ТОО анықтамасы, Атырау қаласының Әділет басқармасы 2017.28.12 берген;

«Сатып алушы» – _____, 20__ жылғы _____ берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасының № _____, онымен жасалған шартта Сатушының контрагенті ретінде әрекет етеді, және Шартта көрсетілген тауарларды сатып алуды жүзеге асырады;

«Шарт» – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, оған барлық қосымшаларға және толықтыруларға Тараптар қол қойған, сондай-ақ Шартта сілтемелері бар барлық құжаттама бар азаматтық-құқықтық шарт;

«Шарттың бағасы» – Сатып алушы Сатушыға Шартқа 1-қосымшада көрсетілген сатылатын тауардың барлық көлемі үшін төлеуі тиіс ҚҚС есебімен сома;

«Тауар» – Сатушы осы Шарттың талаптары бойынша Сатып алушыға сатуға тиіс Шартқа №1 қосымшаға сәйкес мөлшерде «Пайдаланылған трансформатор майы» активі.

«Пайдаланылған трансформаторлық май» - белгіленген мерзімде жұмыс істеген немесе пайдалану процесінде сапасын (қасиетін) жоғалтқан, жұмыс жүйесінен құйылған, толық немесе ішінара минералды, синтетикалық және жартылай синтетикалық майлау майы;

«Пайдаланылған майлармен жұмыс істеу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар (бұдан әрі – мамандандырылған кәсіпорын)» - базалық май негізгі өнімін алу мақсатында үшінші тарап ұйымдары мен жеке тұлғалардан пайдаланылған майларды жинау, оларды тасымалдау және қайта өңдеу (регенерациялау) процесін жүзеге асыратын заңды тұлға мәртебесі бар немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген

жеке тұлғалар мен кәсіпорындар.

«Пайдаланылған майларды кәдеге жарату (жою)» - пайдаланылған трансформаторлық майдың физикалық және/немесе химиялық қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соғатын қандай да бір технологиялық операцияларды жүзеге асыру, бұл олардың бар болуын іс жүзінде толық тоқтатуға әкеп соғады.

2. Шарттың мәні

2.1. Сатушы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Сатылатын тауарлар тізбесіне (Шартқа 1-қосымша) сәйкес Тауар сатуға және босатуға, ал Сатып алушы тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді. Сатылатын Тауарлардың 1 килограммы үшін саны мен ҚҚС есебімен бағасы Шартқа №1 қосымшада көрсетілген. Тауардың техникалық ерекшелігі Шартқа №2 қосымшада көрсетілген.

2.2. Тауар - осы Шарт бойынша сатылатын «Пайдаланылған трансформаторлық май», одан әрі пайдалануға жарамды және қайта пайдалануға, қайта өңдеуге (регенерациялауға) немесе кәдеге жаратуға және жоюға жататын болып табылады.

3. Шарттың бағасы

3.1. Шарттың бағасы ҚҚС есебімен _____ (сомасы жазбаша) құрайды. Шарттың бағасы мыналарды қамтиды:

- Тауардың құны;
- Сатып алушының сақтандыру, тауарды жинау пунктіне дейін тасымалдауға байланысты көліктік және өзге де шығыстары;
- өлшеу және/немесе көтеру механизмдерін жалға алу шығындары;
- өткізілетін Тауарды Сатып алушының күшімен және қаражатымен тиеуге/түсіруге жұмсалатын шығындар, сондай-ақ Сатып алушының осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты өзге де шығыстары.
- Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне ҚҚС мөлшерлемесін өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізілген жағдайларды қоспағанда, шарттың бағасы берік болып қалады және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.
- Шарттың бағасы осы Шарттың 12.2-тармағында көрсетілген жағдайларда ғана өзгертілуі мүмкін.

4. Төлем тәртібі

4.1. Сатып алушы 10 (он) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің орналасқан жерінен әкетуге жататын Тауардың жоспарланған көлемі үшін Сатушының банктік шотына 100% алдын ала төлем жүргізеді.

4.2. Сатып алушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы Сатып алушы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда, Тараптар өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қойғаннан кейін Сатып алушының сатушымен түпкілікті есеп айырысуы кезінде Шарттың жалпы сомасына есептеледі.

5. Тауарды әкету мерзімі мен тәртібі

5.1. Тауарды әкетуді Сатып алушы осы Шарттың 4.1-тармағына сәйкес төлем аударылған кезден бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде жүзеге асырады.

5.2. Тауарды Сатушының құрылымдық бөлімшесінің аумағынан тиеп жөнелту қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін, сондай-ақ Сатушы Тауардың тиеп жөнелтілгенін растайтын мынадай құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады:

- Сатушының ҚҚС есебімен теңгемен жазылған шот-фактурасы.
- Шығыс жүкқұжатының түпнұсқасы.

5.3. Сатып алушы Тауарды орналасқан жері бойынша жөнелтуді бастамас бұрын Сатушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- Сатып алушының уәкілетті өкіліне берілген Тауарды алуға арналған сенімхаттың түпнұсқасы, онда Тауардың атауы, саны мен өлшем бірлігі жөнелтуге арналған өтінімге сәйкес келуі тиіс.

5.4. Барлық аталған құжаттарда Шарттың нөмірі мен жасалған күні көрсетіледі.

5.5. Тауарды қабылдау-тапсыру келесідей жүзеге асырылады:

- Тауарды қабылдау-тапсыруды Сатушының құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері және Тауардың нақты орналасқан жері бойынша Сатып алушының уәкілетті өкілдері жеткізілген Тауардың саны көрсетілетін қабылдау-тапсыру актісін жасап жүргізеді;

- Сатушының өкілдері өз күштерімен қ/б Тауарды әрі қарай тиеу және тасымалдау үшін дайындауды қамтамасыз етеді;

- Тауарды тиеу Сатып алушының күштерімен және қаражатымен, қолмен не өзінің көтеру механизмдері пайдаланылып жүзеге асырылады.

- Сатушының өкілдері жасалған Шарт шеңберінде жүргізілетін әрбір жөнелтуді бақылайды, Сатып алушының көлігінің құрылымдық бөлімше аумағынан кіруіне, аумағы бойынша жүріп-тұруына және шығуына мүмкіндік береді.

- Тауарды Сатушының құрылымдық бөлімшелерінің аумағынан тиеп жөнелту екі Тараптың алдын ала келісілген күндер мен сағаттарда жүзеге асырылады.

6. Сатып алушы міндетті:

6.1. Өткізу және объектішілік режимдердің, қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Сатушының, Сатып алушының жұмыскерлерінің және/немесе тартылатын ұйымдардың жұмыскерлерінің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де нормалардың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау. Сатып алынған тауар үшін жауапты болу және пайдаланылған трансформаторлық маймен айналысу саласындағы ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге.

6.2. Пайдаланылған трансформаторлық майды тиеген кезден бастап жинау пунктінде және/немесе мамандандырылған кәсіпорында түсіру сәтіне дейін қауіпсіз айналымға, тасымалдауға жауапты болуға, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және техникалық актілерінде белгіленген талаптарды қатаң сақтауға.

6.3. Сатушыға сатып алынған тауар үшін Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 23, 24-тарауларының талаптарына сәйкес пайдаланылған трансформаторлық маймен жұмыс істеу саласындағы экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың, ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша Сатып алушының міндеттемелер мен жауаптылықты қабылдағаны туралы хат ұсынуға.

6.4. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V Заңына сәйкес «Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою» кіші түрімен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияның көшірмесі берілсін немесе ҚР СТ 3129-2018 ұлттық стандартына сәйкес қауіпті жүкті жинау пункттеріне немесе дайындау және/немесе

қайта өңдеу (регенерациялау) үшін мамандандырылған кәсіпорындарға тасымалдау, жеткізу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорынмен шарттың болуына.

6.5. Эмиссияға, оның ішінде өндіріс немесе тұтыну қалдықтарын жобалау құжаттарында көзделген аумақта (қажет болған жағдайда орналастыру) орналастыруға рұқсаттың көшірмесін ұсынуға.

6.6. Тауарды тасуға арналған автокөлігінің болуы. Автокөлік «Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасуға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесінің» (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығы) талаптарына және ҚР СТ ҚР Ұлттық стандартының 3129-2018 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.7. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік жүргізушілерінің болуына. Жүргізушілер «Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидаларының» (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 ақпандағы №88 бұйрығы) талабына сәйкес оқытылуы тиіс.

6.8. Тауар толық әкетілген күннен басталатын күнтізбелік 15 күн ішінде әкетілген тауарға айналысқа байланысты «қайта өңделген, залалсыздандырылған» (қандай әдіспен), не «кәдеге жаратылған және жіберілген (пайдалану орны және қандай мақсаттар үшін)» немесе «орналастырылған (орналастыру орны)» көрсетіле отырып, қабылданған шаралар мен түпкілікті нәтиже туралы қорытынды есеп берілсін (растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынылсын).

6.9. Тауарды тиеу және тасымалдау бойынша орындалатын жұмыстардың сипаты мен көлеміне сәйкес персоналдың болуы және жеткіліктілігі;

6.10. Белгіленген шарттық міндеттемелерді орындау үшін көліктің болуы және жеткіліктілігі.

6.11. Тауарды қабылдау-тапсырудың нақты орны Сатушының Шартқа №1 қосымшада көрсетілген құрылымдық бөлімшелерінің қоймалары мен базалары болып табылады.

6.12. Тауарға меншік құқығының, жауапкершіліктің мен тәуекелдердің ауысуы екі тараптың қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орын алады.

7. Хат-хабар

7.1. Шарт бойынша барлық коммуникативтік құжаттарда Тараптардың деректемелері және Шарттың нөмірі болуға тиіс.

7.2. Шарт бойынша тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламалар немесе хабарлары жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберіледі. Шұғыл болған жағдайда аталған хат-хабарлар, олар кейіннен міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберілетін болып, факс арқылы, оны жеткізуді тіркеуді көздейтін электрондық поштаның немесе өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберіле алады.

7.3. Шарт бойынша хат-хабарлар Тараптардың мынадай мекенжайлары бойынша жіберілуге тиіс:

Сатушы:

060002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 12, тел.8 (7122) 762-999. Электрондық пошта мекенжайы: office@mwj.kz.

Сатып алушы:

факс / тел: _____ . Электрондық пошта адресі: _____ .

7.4. Тараптар Шарт бойынша хат алмасу үшін бір-біріне өзге де мекенжайларды (мекенжайды) хабарлай алады.

7.5. Тапсырысты хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта оның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртаңбасы бар хабарлама болған жағдайда, оны жіберген Тарап алған күні (сағатында) жеткізілген болып есептеледі. Электрондық поштаның немесе оны жеткізуді тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен факс арқылы жіберілген хат-хабар, ол жіберілген Тарапқа берілген күні (сағатта) жеткізілген болып есептеледі.

8. Шарасыз күш жағдаяттары.

8.1. Тараптар су тасқыны, жер сілкінісі, эпидемия, әскери қақтығыстар немесе төңкерістер, террористік актілер, азаматтық толқулар мен ереуілдермен шақырылған еңсерілмейтін жағдаяттардың туындауы, сондай-ақ Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге де мән-жайлардың салдарынан Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

8.2. Осы міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл Шарттың немесе оның еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, осы мән-жайлардың әрекет ету уақытына барабар түрде ауысады.

8.3. Екі Тарап та Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталғаны және аяқталғаны туралы бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға тиіс.

8.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап растау үшін 3 (үш) күн ішінде «Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталары одағы» ЗТБ не басқа уәкілетті органның анықтамасын беруге міндетті.

8.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты Тауарларды әкетуді кідірту 6 (алты) айдан астам созылатын болса немесе осы мән-жайлар туындаған кезде олардың немесе олардың салдары осы мерзімнен артық созылатыны анық болса, Тараптар олар үшін қолайлы Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін анықтау немесе Шартты орындау немесе оны бұзу үшін мүмкіндігінше қысқа мерзімде келіссөздер жүргізеді.

9. Тараптардың жауаптылығы.

9.1. Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.2. Осы Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген Шарттың бағасын төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Сатушы Сатып алушыдан төлемді кешіктірген әрбір күн үшін мерзімінде төленбеген Тауар сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) процент , бірақ мерзімінде төленбеген Тауар құнының 10 (он) процентінен аспайтын мөлшерде өсімақы төлеуді талап етуге құқылы.

9.3. Сатып алушы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес Тауарды әкету мерзімдерін сақтамаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыдан мерзімінде әкетілмеген Тауарлар сомасынан кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) процент мөлшерінде, бірақ әкетілмеген Тауар сомасының 10 (он) процентінен аспайтын

мөлшерде өсімақы төлеуді талап етуге құқылы.

9.4. Сатып алушы Шарттың 4.1, 5.1, 5.3-тармақтарында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға қандай да бір шығыстар мен залалдарды өтемей, Тауарды нақты құрылымдық бөлімшенің аумағынан әкетуден бас тартуға құқылы.

9.5. Сатып алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда Сатушы Шарт бағасының 10 (он) проценті мөлшерінде айыппұл талап етуге құқылы, ал Сатып алушы оны төлеуге міндеттенеді.

9.6. Сатып алушы құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемені сақтамағаны үшін Сатушы Сатып алушыдан Шарт сомасының 1 (бір) проценті мөлшерінде төлем талап етуге құқылы, бұл туралы сатып алушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберілетін болады.

9.7. Осы Шарттың 9-бөлімінің 9.2, 9.3, 9.5, 9.6-тармақтарында қарастырылған жағдайларда Сатып алушы төлеуге жататын тұрақсыздық айыбының сомасын Сатушы Сатып алушы жүргізген алдын ала төлем сомасынан ұстап қалады. Алдын ала төлем болмаған жағдайда, тұрақсыздық айыбының сомасын соңында Сатушы талап-арызды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде төлейді.

9.8. Шарттың 4.1-тармағы орындалмаған немесе осы Шартты жасаудан бас тартылған жағдайда Сатушы 5 (бес) проценті мөлшеріндегі кепілдік жарнаны ұстап қалуға құқылы.

9.9. Осы Шарттың немесе осы Шарттың 6-тармағының 6.8-тармақшасында көзделген талаптар орындалмаған (ішінара орындалмаған) жағдайда сатушы 5 (бес) пайыз мөлшерінде кепілдік жарнаны ұстап қалуға құқылы.

10. Дауларды шешу тәртібі.

10.1. Сатушы мен Сатып алушы Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы Шартты орындау кезінде немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды.

10.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Сатушы мен Сатып алушы Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, онда олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралуға жатады.

10.3. Сот дауларын қарау ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сатушының орналасқан жері бойынша ҚР сот органдарына берілуге тиіс.

11. Шартты бұзу.

11.1. Егер Сатып алушы

- банкрот немесе төлем қабілетсіз болса,
- Шартта белгіленген Тауарды әкету мерзімдерін бұзса;
- Шартта белгіленген төлем мерзімдерін бұзса;

- Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда Сатушы кез келген уақытта, Сатып алушыға қандай да бір шығыстар мен залалдарды өтемей, осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Сатып алушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты біржақты тәртіппен бұза алады, олар өткеннен кейін Шарт бұзылған деп есептеледі.

12. Басқа талаптар.

12.1. Шартқа қол қойылғаннан кейін Шарт бойынша ауызша нысандағы барлық алдыңғы келіссөздердің күші жойылады.

12.2. Жасалған Шартқа №1 қосымшада көрсетілген Тауар бірлігі бағасының өзгертпеу талабымен Шарттың бағасын өсіру бойынша, сондай-ақ өндірістік қызметте қолданылмайтын ТМҚ көбеюіне және қойма шаруашылығының Тауарға толуына жол бермеу үшін Тауардың қосымша көлемін өткізу қажеттілігіне байланысты Тауарды әкету мерзімдерін тиісті ұзарту бойынша Шартқа өзгерістер енгізуге Тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі

12.3. бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, Шартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар хат түрінде жіберіледі, кейіннен түпнұсқасы беріледі.

12.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың талаптары кез келген үшінші тарап үшін құпия болып табылады.

12.5. Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

12.6. Қандай да бір Тараптың заңды мекенжайы және басқа да деректемелері өзгерген жағдайда, ол осындай өзгерістер болған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Әйтпесе, шығындар кінәлі Тарапқа түседі.

12.7. Шарт қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және 2025. дейін, ал өзара есеп айырысулар, сондай-ақ Шарттың 8-бөлімінде қарастырылған міндеттемелер бөлігінде – олар толық орындалғанға дейін қолданылады. Шарт жасау мерзімі өткізілген тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауға тиіс.

12.8. Шарт заң күші бірдей орыс және қазақ тілдерінде 2 (екі) данада, әрбір тарап үшін 1 (бір) данадан ресімделді.

12.9. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген талаптар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: Шарт;

12.10. Өткізілетін тауарлардың тізбесі (Шартқа №1 қосымша).

Тараптардың мекенжайлары мен банктік деректемелері:

«Магистральдық Суағызғысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайырғали Смағұлов көшесі, 12

БСН 171240027113

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ626010141000042043

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Бенефициар банкі: «НСБК» АҚ

Тел.: Тел.: +7 (712) 276-2945

Бас директор Еркін Бағытжанұлы Таңқыбаев

2025 жылы _____ № _____

«Пайдаланылған трансформаторлық май» активін өткізу туралы шартқа №1 қосымша

Өткізілетін тауарлар тізбесі.

1. Тауардың атауы: «Пайдаланылған трансформаторлық май» активі

Лот №	Атауы	Өлш. Бірл.	Саны, кг	1 кг сатып алу бағасы/теңге, ҚҚС есебімен	Жалпы сомасы/теңге, ҚҚС есебімен	Пайдаланылған трансформаторлық майдың әкету мерзімі	Төлем талаптары және мерзімдері
«Қиғаш» БССС өндірістік объектісінде тұрған «Пайдаланылған трансформаторлық май» активін өткізу							
1	Пайдаланылған трансформаторлық май	кг	44 450			Төлем аударылған кезден басталатын 30 күнтізбелік күні аралығында	Шартқа қол қойылған күннен басталатын 10 жұмыс күні аралығында 100% алдын ала төлем
	ЖИЫНЫ						

Қосымша талаптар: «Пайдаланылған трансформаторлық май» активі Сатушының өтінімі бойынша құрылымдық бөлімшелердің аймақтарында сақталған түрде тиіп жіберуге өтінімде көрсетілген көлемде Сатып алушының көлігімен шартқа қол қойылған күннен басталатын 30 күнтізбелік күнінен аспайтын мерзімде әкету жолымен өткізіледі.

Сатушы

Сатып алушы

2025 жылғы _____
№ _____

«Пайдаланылған
трансформаторлық май»
активін өткізу туралы
шартқа №2 қосымша

Техникалық ерекшелік

1. Тауардың атауы: «Қиғаш» БССС өндірістік объектісінде орналасқан
«Пайдаланылған трансформаторлық май» активін өткізу

Т/т №	НҚ атауы	Баланстан тысқара есепке алу нөмірі	Өлш. бірл.	Саны	Жиыны	Бөлімшенің атауы (баланста тұр)	Тауар орналасқан мекенжай
БССС «Қиғаш» өндірістік объектісінде орналасқан «Пайдаланылған трансформаторлық май» активін сату							
1	Пайдаланылған трансформаторлық май	9038	кг	44 450	44 450	БССС «Қиғаш»	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, БССС «Қиғаш»
	Жиыны				44 450		

Сатушы

Сатып алушы
